

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

**Пәні: Музыканы компьютермен өңдеу
«Finale» ноталық редакторымен жұмыс**


Оқытушы: п.ғ.к., доцент

Кисметов Куаныш Лабибович


10- Дәріс. Партитура тактілерімен жұмыс машықтары

Музыкалық шығарма жазу барысында ноталық мәтін түсетін тактілердің аумақтық көлемін өзгерту, қажетті белгілер қою, тактілердің реттік сандарын қою, жазылған ноталық мәтіндердің орналасу шамаларын өзгерту сияқты жұмыс түрлерін орындау қажеттіктері туады. Осы тақырыпта біз тактілік өзгерістерді қандай амал-тәсілдермен орындауға болатындығын көрсетпекшіміз.

Маңдайшадағы «құралдардың негізгі палитрасы» («основная палитра инструментов») жұмыс атаулары ішінен «такті функциясы» («функция такта») бөлімін басып белгілеу қажет. Белгі қойылған мезетте шығарма партитурасындағы тактілер сызықтары бойына тігінен орналасқан екі «хендлдер» шығады.




Шыққан «хендлдердің» үстіне тінтуірді алып барып, «тышқанның» оң жағын басу арқылы қажетті жұмыс түрлерін алуға болады. Жоғарғы «хендл» – белгіленген тактіге өзгерістер енгізу жұмыстарына арналған:



Сілтемедегі жұмыс түрлерін орындау машықтарын жоғарыда әңгіме еткенбіз. Дегенмен, өзіндік жұмыс жүргізіңіз.

Жоғары орналасқан «хендлі» тінтуірмен белгілеп, «тышқанның» сол жағын басып ұстап тұрып, «сүйретіп» жылжыту арқылы такті сызығын қажетті мөлшерге шамалауға болады (такті мөлшеріне байланысты ноталық мәтіндердің орналасулары да біркелкі қалыптасады).

Төменгі «хендл» –такті ішіне жазылған ноталық мәтіндердің орналасу тәртіптерін қалауымызша өзгерту жұмыстарына арналған:




Шыққан жұмыс атауының үстіне тінтуірді алып барып, «тышқанның» сол жағын басу нәтижесінде ноталық мәтіндердің орналасу графикасы шығады:




Графикалық көрсетілімдегі қажет ноталық мәтіннің тұсындағы «хендлді» «тышқанның» сол жағымен басып, қысып ұстап, қажетті жерге дейін жылжытуға болады.

«Такті функциясы» белгіленгеннен кейін маңдайшадағы жұмыс түрлерінің атаулары ішінде «қалыптау» («настройка») жұмыс атауы шығады:




Сілтемедегі жұмыс түрлерінің атауларын шығару үшін партитураның (ноталық станның) бір шетіне тінтуірді алып барып, «тышқанның» сол жағын шерту керек, немесе партитураның барлығын клавиатурадан Ctrl+A комбинациясы арқылы белгілеу қажет.

Сілтеме бойынша ноталық станды немесе тактіні белгілеп, «қосу» («добавить») жұмыс түрін бассңыз қанша такті қосу керек екендігін анықтау мақсатындағы жаңа сілтеме шығады:



Сілтемеге қажет тактілер саннын көрсетіп, «ОК» кнопкасын басу нәтижесінде партитура соңына сонша такті қосылады, ал сілтемеден «ендіру» («вставить») жұмыс түрімен жаңа тактілер белгіленген тактінің алдына орналасады.




Сілтемедегі «өшіру» («стереть») бойынша – белгіленген ноталық стан немесе такті өшіріледі.

Шығарма партитурасында ноталық мәтіндер жазылған тактілердің кезекті реттік сандарын көрсету, оларды арнайы белгілермен белгілеу, реттік сандардың жазылу түрлері – сілтемедегі «тактілердің реті» («номера тактов») жұмыс түрі ішінен «сандық реттерді шығару» («вывести номера») белгісін басу арқылы орындалады




Тактілердің реттік сандары қойылғаннан кейін олардың жазылу түрлерін өзгерту соңғы шыққан сілтеменің ішіндегі «көлемінде жөндеу» («править области») жұмыс түрін ашып, шыққан жаңа сілтемеден орындалады:




Партитураға түскен тактілердің реттік сандары бұлыңғыр, әрсіз болады, сол себептен олардың түстеріне әр беру қажеттігі туады.


Олай болмаған жағдайда басылымға шығаратын партитурада қойылған реттік сандар нашар көрініп, кейбірде тіпті көрінбеуі мүмкін. Сол себептен тактілердің реттік сандарының өңдендіру (әр беру) сілтемедегі «шрифт таңдау» («выбрать шрифт») арқылы қажетті мөлшерлерді анықтау арқылы орындалады.



Қажетті тактінің үстіне орналасқан реттік санға арнайы белгі қою қажеттігі туған жағдайларда, реттік сан үстіндегі «хендлді» «тышқанның» оң жағымен белгілесеніз жұмыс түрлері бар жаңа сілтеме шығады:



көрінген «қоршау түрін өзгерту» («править ограждение») жұмыс түрін ашып, орындалатын қажетті машықтар түрлерін алуға болады.



Осы жұмыс түрлерін орындау машықтары жоғарыда көрсетілген «көлемінде жөндеу» («править области») сілтемесінен де алуға болады. Ашылған сілтемелермен өзіндік жұмыс жүргізу өте тиімді деп есептейміз.

Партитураға ендірілген өзгерістерді өшіру – «көлемінде жөндеу» («править области») сілтемесіндегі «өшіру» («удалить») жұмыс түрін басу арқылы орындалады.

**Бұл оқу дәрісі Раушанбек Салмановтың «Музыкалық компьютерлік технология»
оқу-әдістемелік құралы негізінде құрастырылды**

**1.[https://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1108651&simple
=true#](https://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1108651&simple=true#)**